

Рахманқұл БЕРДІБАЙ  
(Түркістан)

## КӨНЕ ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРКЕМДІК ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

*Свидетельство связей древних тюркских народов хранится в древних литературных источниках. Последовательность и продолжительность духовных наследий не прервана до наших дней. В статье говорится о продолжительности художественных традиций в некоторых памятниках письменности.*

*Türk halklarının kıdim ilişkilerinin silinmez izleri eski edebiyat nüshalarında korunmaktadır. Atalarımızdan miras olarak bize ulaşan tükenmez manevi değerlerimizde gelenek devamlılığı kesilmemiştir. Makalede bazı eski eserlerdeki sanatsal devamlılığın hususiyetleri gösterilmektedir.*

Түрік халықтарының, соның ішінде қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы мен мәдениеті жан-жақты зерттеліп болған жоқ. Мұндай ақуалдың себебін іздегенде бірсыпыра мәселенің басы ашық болып көрінеді. Біріншіден, Евразияның кең атырабын жайлаған түрік тілді ұлыстар мен топтар түрлі жағдайларға байланысты белгілі бір мемлекет немесе бірлестік құрамында берік ұйысуға мүмкіндігі болмады. Сондықтан Солтүстік Азиядан Кіші Азияға дейінгі аралықты жайлаған бұл елдердің тағдыры түрліше болып қалыптасты. Екіншіден, бас-аяғын қосқанда отызға жуық ұлыс болып саналатын түрік халықтарының Түркиядан басқасы өз билігіне ие бола алмай, күшті мемлекеттердің (Ресей, Иран, Қытай) қанжығасында кетті. Мәселен, Ирандағы жиырма миллионға жуық түріктер күні бүгінге дейін тілі, салт-санасы жағынан парсы мәдениетінің ауқымына түсіп, аты түрік, заты басқа болып келеді. Ал Ресей империясына бағыныштылыққа душар болған қыпшақ түріктері (татар, қазақ, башқұрт, ноғай, қарашай-малқар, құмық, қырғыз т.б.) көп жағдайда өздерінің ұлттық дәстүрінен ажырап, бөгде топыраққа түскен дән секілді тамыр тартып кете алмады. Оның үстіне бұл халықтардың қаншама буыны өз тарихынан алыстатылып, билеуші мемлекеттің тілін, тарихын үйренуге мәжбүр болды. Төл түбірінен мүлде хабары жоқ, ата-тегін білмейтіндер мен туған елінің мәдениетінен безіп шыққандарға қолданылып жүрген «мәңгүрт», «көзқаман» [1] деген сөздердің төркіні де осындай құбылыстарға байланысты пайда болған. Үшіншіден, түрік халықтарының түрлі діндерді (ислам, христиан, буддистік) ұстануы олардың арасындағы тарихи-

генетикалық және тарихи-мәдени туыстықты мүлде алшақтатып жіберді. Әуел баста өзара бірлігі мен даму сатылары қарайлас халықтар замандар бойында басы қосылмай, түрлі бағытта даму жолына түсті. Төртіншіден, әр алуан басқыншы күштердің әрекетімен түрік халықтары мен ұлыстарының тарихы бір-біріне қабыспай, жеке-дара зерттелді, миссионерлер мен шовинистер бұл елдерді жақындататын белгілерді мүлде өшіріп, қайдағы бір «айырмашылықтар» мен «өзгешеліктерді» іздеуге ден қойды. Жүйелі жүргізілген мұндай бүлдіргіш саясаттың салдарынан түрік халықтарының біразы түп-тамырынан адасып, «тістегеннің аузында, ұстағанның қолында» кетті...

Түрік халықтарының аты-жөнін, топонимикалық терминдерін адам танымастай етіп өзгерту де оларды мәңгүрттендіру үшін жасалды. Ежелден саха аталып келген жұртты якут, қазақтарды қырғыз, алтайлықтарды ойрат немесе қалмақ, ноғайларды татар деп бытыстырып атаушылық саналы түрде жүргізілді. Бұл секілді мысалдарды тізе берсек, көлемі орасан ұлғайып кетер еді. Европоцентристер мен отаршыл империялар бұл тарапта көздеген нысанасына жетті; түрік халықтарының тарихы оңай түзелмейтіндей боп шатастырылды...

Тәуелсіздік туын көтерген шағымызда жоғалғанды табу, үзілгенді жалғау, өшкенді жандыру міндеті алға қойылып отыр. Ендігі жерде түрік халықтарының тарихын, фольклорын, әдебиетін, өнерін, археологиясын, этнографиясын тұтас күйінде қарап талдайтын еңбектердің керектігі кәміл. Сол үшін бұл кезге дейінгі ғылыми жетістіктерді қорытып, толықтырып, ілгері дамытып әкету шарт... Біз түрік халықтарының тарихы мен мәдениетін басқа елдердің, атап айтқанда, араб, парсы, қытай, европа мәнберлеріне сүйене отырып танып келдік. Пайдаға жарарлығы болса, оларды сын көзімен қарап талдау керек. Бұл жерде біздің бір атап көрсеткіміз келгені түрік тіліндегі төл деректерді оқып үйренуге ерекше ден қоюымыз керектігіне саяды. Түріктер туралы басқалардың жазғанын білгеніміз дұрыс-ақ. Сонымен қатар түріктердің өзі бұл салада нендей мағлұматтар қалдырғанын егжей-тегжейлі білуге міндеттіміз.

Кешегі әкімшілдік, әміршілдік жүйе үстем болған кезде өзгелерді тізіп айтсақ та түрік тарихшыларының, этнографтарының, археологтарының, тіл зерттеушілерінің, философтарының, педагогтарының, психологтарының, шығыстанушыларының еңбегін елеусіздеу қалдырып келдік. Басқасын айтпағанда орта ғасырларда шағатай түрікшесі мен оғыз-қыпшақ түрікшесінде жазылған түрлі жанрдағы туындылардан керегімізді ыждағатты іздедік деп айта алмасақ керек. Ондай

ескертікшітер Ташкент, Қазан, Ленинград, Мәскеу, Баку секілді қалалардың кітапханаларында сақтаулы келеді. Бұл тараптағы жұмыстарды ілгері жылжыту үшін ескі ұйғыр, шағатай, оғыз-қыпшақ жазбаларын оқып, зерттей алатын кадрлар даярлау керек. Ескі тілдерді үйрету орта мектептерден басталып, жоғары оқу орындарында арнаулы курс ретінде жүргізілуі ләзім. Нақтырақ айтсақ, шағатай түрік тілін арнаулы дәрістер арқылы үйретуді қолға алу қажет-ақ.

Көбіміз жете мән бермей келген білім қазынасының тағы бір шоғыр қазынасы Түркия түрікшесінде жасалған. Біз енді ғана күн тәртібіне қойып, жоспарлап жүрген пәндердің біразы бойынша салдарлы еңбектер Түркияда бұған дейін-ақ жарық көргенін айтудың артықтығы болмас. Түрік халықтарының тарихы тұтас күйінде не Қазақстанда, не Өзбекстанда, не Татарстанда зерттелмегені мәлім. Ал мұндай құнды ізденістер Түркияда бар екенін қатардағы оқушыны былай қойғанда тарихшы мамандардың да бәрі біледі дей алмаймыз. Мәселен, Йылмаз Өзтунаның “Ұлы Түркия тарихы” (“*Buyuk Turkiye tarihi*”) деген 14 томдық кітабында [2] Түркия түріктерінің және басқа түрік ұлыстарының атам замандағысынан бастап, қазірге дейінгі тарихы кезең-кезеңімен қамтылып баяндалған. Бұл томдарда сөз болған тақырыптар құрамының қаншалықты бай екенін аңғарту үшін бірінші кітапқа енген материалдар тізбегін келтірсек те жеткілікті. Олар: «Түріктердің ертедегі тарихы», «Сахалар», «Түріктердің Азияда таралуы», «Түріктердің басқа қауымдармен туыстығы», «Түрік және Тұран қауымдары», «Якуттар», «Чуваштар», «Басқа түрік қауымдары», «Жер жүзіндегі түріктер және басқа Тұран қауымдары», «Ислам дінін қабылдағаннан бұрынғы түрік халықтары», «Гүндер», «Ұлы түрік қағандығының жалпы сипаты», «Гүндер дәуіріндегі түрік тарихына көзқарас», «Тавгаштар», «Аварлар», «Көктүріктер», «Түргештар», «Түрік діні» (Көк тәңірі), «Көктүріктер заманындағы түрік мәдениеті», «Көктүрік әдебиеті», «Ергенекон дастаны», «Ұйғырлар», «Карлуктар», «Түркістан жағрапиясына қысқаша шолу», «Түркістанның таулары», «Түркістанның өзендері», «Түркістанның көлдері», «Түркістанның климаты», «Ұлы түрік қағандары», «Қарахандар мен ұйғырлар», «Түріктер неліктен мұсылман болды?», «Қарахандар дәуірінің түрік тарихындағы орны», «Қарахандар заманындағы түрік әдебиеті», «Алғашқы мұсылман мемлекеттері», «Үндістандағы түрік дәулеттері», «Ғазнауилар», «Қытайдағы түрік үкімдарлары», «Түріктер Европада», «Гүндер», «Аттила әулеті», «Гүндер мәдениеті», «Аварлар Европада», «Хазарлар», «Булгарлар», «Булгар императорлығы және Византия», «Мажарлар», «Оғуздар»,

«Печенегтер», «Кумандар», «Қыпшақтар», «Куман-қыпшақ мәдениеті», «Волга болгарлары», «Моғол басқыншылығы», «Моғолдар және Шыңғыс хан», «Шыңғыс түрік пе, моғол ма», «Моғолдың Шыңғыс ханнан кейінгі жаһан императорлығы», «Илхандар», «Алтын Орда» т.б. Осы тақырыптағы үстірт шолып өткеннің өзінде де түрік халықтары тарихы мен мәдениетіне қатысты мол материал берілгенін көреміз. Әлбетте, тарих кітаптары әр елде түрлі үлгіде жасалады. Сөз етіп отырған кітапты тарих оқулығының мінсіз толық үлгісі дегелі отырған жоқпыз. Бізге қызықты һәм ғибратты боп көрінетіні бір автордың мындаған жылдық жол кешкен түрік халықтарының тарихын кең де кемел баяндауға ұмтылғаны. Түркияда бұдан өзге үлгіде жаратылған тарихи зерттеулер аз емес. Дүниеге кең тарап, шашылып кеткен түрік халықтарының тарихын білгісі, зерттегісі келетіндер ол еңбектерден көптеген дерек табады демекпіз.

Түркия авторларының қаламынан туған «Исламияттан бұрынғы түрік мәдениеті тарихы» (1991), «Хадис терминдерінің энциклопедиялық сөздігі» (1992), «Мұсылман түрік мемлекеттерінің тарихы» (1991), «Орта Азияда мұсылманшылдықтың таралуы және түріктер» (1998), үш томдық «Ислам дүниесінің қол кітабы» (1992), «Ислам наным-сенімдерінің сөздігі» (1994), «Түрік дүниесінің халық мәдениеті» (1996), «Исламның құқық тарихы» (1989), он бес томдық «Ислам энциклопедиясы» (1997) секілді басылымдарды атасақ та, туысқан республика кітапханаларында тарихымызға, мәдениетімізге, дінімізге, тілімізге қатысты телегей теңіз құндылықтар топталғанын көреміз. Мұның сыртында этнография, археология, педагогика, психология, эстетика пәндерінің ұлттық оқулықтары мен қолданба құралдары да тізіліп тұр. Европа, Азия, Африка, Америка халықтарының тарихы мен мәдениеті жөнінде де күрделі монографиялар, тұрақты оқулықтар өз алдына бір төбе. Дүние жүзіндегі халықтардың сөздігін шығару турасында да түрік ағайындар мол тәжірибе жинақтаған. Әсіресе әлемге кең тараған ағылшын, француз, неміс, испан, орыс, италиян, қытай, жапон тілдері мен түрік тілінің салыстырмалы сөздіктерінің мәні зор. Ұлттық-демократиялық мемлекет қалыптастыруды мақсат еткен Қазақстан үшін мұндай басылымдардың тәжірибесін, жетістігі мен кемістігін ескеріп отыру өте-мөте пайдалы. Ұзақ жылдар бойында қазақтың ғылыми тілін дамытуға мүмкіндік болмай, бұл олқылықтың орнын толтырамыз, түріктік негіздегі көптеген терминдерді жаңадан жасаймыз деп талпынып отырған шағымызда түбі бір туыс Түркия түрікшесіндегі жарияланымдар біздің ізденістерімізге көмекті бола алады деп сенеміз...

Түрік халықтарының байырғы байланыстарының өшпес куәлігі көне әдебиет нұсқаларында сақталған. Ең ғажабы – арада жүздеген жылдар өтіп, түрік ұлыстары тағдыр бұйрығымен бір-бірінен ажырап, көз жазып қалса да, көркем әдебиет ескерткіштеріндегі дәстүр жалғастығы үзілмеген. Ежелгі туыстықтың сыры мен шынын ұмыттырмай, атадан балаға мұра болып келе жатқан сарқылмас рухани қазына да солар. Ендеше тегі мен тілі бір түбірден тараған халықтар мен ұлыстардың бүгінгі және келешектегі бірлігінің күшеюіне мықты негіз болатын да фольклор мен жазба әдебиеттегі көркемдік жалғастық. Бұл – талдап, таратып айтса, ұзақ зерттеулерге жүк болатын тақырып. Біз бұл арада солардың ішінен кейбір көне шығармалардағы сарындардың көптеген түрік ұлыстарының ауыз әдебиетінде қайта жаңғырып отырғанына қысқаша тоқталамыз.

Ежелгі түрік ескерткіштері – Орхон жазуларының кейінгі эпикалық дастандармен сарындастығын М.Әуезов: «Оларда эпостық баяндау сазы басым, аңыздың көркемдік түрі де соған орайлас. Құлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік бейнеленген десеңізші! Оларда әр алуан рулар мен тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтарының шежіресі бар. Тіпті сол жазулардың бірталайында Құлтегіннің ежелгі жырлардағыдай жеңілуді білмейтін батыр болғандығы баяндалады... Құлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейін, яғни өлгенге дейін өміріндегі ерлік қимылдары баян етіледі. Мұнда батырдың жас шағынан бастап өмірінің ақырына дейін жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрылысына ұқсастық бар» [3] деп көрсеткен еді. Бұл тұжырымның растығын Орхон жазулары мен қазақ эпикалық дастандарын салыстырып дәлелдеуге болады.

1. Қаһармандық эпостың ең басты белгілерінің бірі – онда алып батыр тұлғасының болуы. Сырт жаулардан елдің азаттығын, бүтіндігін қорғау, осы мақсат жолында қандай қаһарлы дұшпанға да қарсы шығу, өз жұртының тәуелсіздігі үшін ересен ерліктер көрсету батырлық эпос атаулының жетекші идеясы болып табылады... «...Қаған әкем қайтыс болғанда інім Құлтегін жеті жаста қалды. Он жаста... Құлтегін батыр атанды. Он алты жасында Қаған ағамның жұртын, өкіметін сондайлық зор етіп құрды; алты тарапқа әскер жүргіздік. Табағаш Оң Тұтықтың елу мың әскері келді. Соғыстық. Құлтегін әскерімен еліне тиді. Оң Тұтықты қолбасшысымен, жаракты қолымен тұтқын етті. Ол әскерді сол жерде жоқ қылдық... Жиырма бір жасында Чача Сеңүнмен соғыстық... Содан кейін Байырқанның Ұлығ іркін жау болды. Оны қуып, Түргі Жарғұн көлде қираттық [4]»... Тексте Құлтегін ерлігі «шежіре» тілімен

баяндалғанымен, бұдан эпикалық әсірелеудің заңдылықтарын елестету қиын емес. Болашақ батырдың күш-қайраты, ерекше туысы жас кезінен-ақ танылатыны, жедел жетілетіні күллі қаһармандық эпостың ортақ көрсеткіші болса, осы белгі мына келтірілген мысалдан айқын аңғарылады. Екінші бір атап көрсетерлік нәрсе – Құлтегіннің жауларды бет қаратпай жеңгендігінің айтылуы. Бұл арада «Орхон жазулары қарасөзбен баяндалған, дастандар өлеңмен айтылады ғой» деп күдік келтіру қиын. Өйткені түрік халықтарының көркемдік дәстүрінде өлеңнің қарасөзге көшуі, шежіренің эпикалық поэзияға айналуы кездеспейтін процесс емес. Атақты «Дәдем Қорқыт кітабы» хатқа түскенде ауызша өлең түрінде айтылып келген нұсқасынан мазмұндалғаны белгілі. Соның өзінде де әуел бастағы поэзиялық кестенің ізі байқалып отырады. Сондай-ақ Орхон жазуларын тарихи шежіре деп қарағанда да оның әр тұсынан эпикалық дәстүрдің белгісі қылаң береді.

2. Орхон жазуларында эпосқа тән қайталама тіркестер – формулалар ұшырауы да кездейсоқ емес. Білге Қағанға арналған тас жазудағы: «Өлмеші халыққа жан кіргізіп асырадым, жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым. Айбарлы елдікке, айбарлы қағандыққа жақсы жеткіздім. Төрт тараптағы халықты тұтас бас игіздім, жуасыттым, жауықпас жұрт қылдым, бәрі маған қарады» [5] деген сөздер қаһармандық жырлардың аяқталар тұсында жауды жеңіп, мұратқа жеткендікті хабарлайтын шалқыма өлең жолдарын еске салады. М: «Тозып кеткен жұртының, бәрін жиып алады; телі менен тентегін, түзетіп жолға салады; атасын таққа міндірді, барша жұртты көндірді» [6].

3. Классикалық эпос қаһармандары қалың жауға жалғыз шабатын алыптар болады. Орхон жазуларында Құлтегіннің ата жауы Чача Сенүнмен соғысы суреттелген тұста осы заңдылық елес береді. «Құлтегіннің сауытына, шекпеніне жүзден артық оқ тиді, бірақ оның басында мыс дулыға, бір де бір жебе дарыған жоқ» деген сияқты жолдар кейінгі түрік дастандарында кездесетін, батырды «оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін» етіп суреттеудің көне моделі тәрізді.

4. Орхон ескерткіштерінде әскерлердің саны да эпикалық көлемге жетіп жығылады. Бұл өмір шындығынан тым алшақ кетпейтін мөлшер екенін Н.Я.Бичуриннің «Гунн қағаны Модэ бір жорықта үш жүз мың адамды атқа қондырған. Түрік Кигин қаған бір жолға жүз мың қолды, ал Шабала хан төрт жүз мың қолды әр кезде-ақ атқа қондыра алған» деп көрсетуі дәлелдейді [7]. Көне түркі жазуларында орасан әсірелеулер де кездесіп отырады. Мәселен, Білге қаған атынан айтылатын «Ілгері күн шығыстағы, он

жақта күн ортасындағы (түстіктегі), қиырда күн батысындағы, сол жақта түн ортасындағы (терістіктегі) – осы аралықтағы жұрттың бәрі маған қарайды» деген сөздерге қарап, түрік қағанатына сол заманда дүниенің төрт бұрышы түгел бағынған екен деп ойлауға болғандай. Шындығында бұл тіркестерде тарихи нақтылық жоқ, эпикалық жинақтау ғана бар.

Құлтегін атынан баяндалатын тарихта да халықтың дүние, әлем туралы мифтік түсінігі мен эпикалық санасы аңғарылады. Түрік қағандарын дүниенің жаралуынан бері келе жатқан етіп көрсету, жер-жаһанның тірегі секілдендіріп дәріптеу шежіренің емес, эпостың табиғатына тән. «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара жер жаралғанда екі арасында кісі ұғлы жаралған екен. Кісі ұғлының үстінен (билік жүргізуге) менің арғы бабаларым Бумын қаған, Істемин қаған таққа отырған екен» тәрізді жолдарда тарихи дәлдіктің ұштығы да жоқ, мұнда қаһарманның «осылай болуға тиіс» деген аңсары, мұраты ғана байқалады...

5. Ежелгі түрік эпикалық аңыздауларында батырлар мінетін тұлпар аттың ролі күшті көрсетілетіні белгілі. Жаудан жүрегі таймаған ерлердің ең сенімді серігі жүйрік ат еді. Орхон жазуларында бұл мәселе де жеткілікті көрініс береді. Құлтегін «ең ілкі Тадықын чурдың боз атын мініп шапты.. екіншіде Ышбыр Ямшардың боз атын мініп шапты... үшіншіде Йегін Сілікбектің ерттеулі торы атын мініп шапты... Альп Шалшы ақ атқа мініп шауыпты... Құлтегін Аз Қаракерді мініп шапты [8] деген үзік-үзік сөйлемдер аттың қан майдандағы мәнін аңғартуға жарайды. Міне осындай дәстүр дами келе «Қобыланды батырдағы» Тайбурылдың шабысындай ғажайып сұлу суреттерге дейін көтерілгенін түсіну қиын емес.

Бұл келтірілген мысалдар Орхон жазулары дүниеге келген кезден көп бұрын түрік рулары мен тайпаларында кең дамыған, алуан жанрлы ауыз әдебиеті мұрасы болғанын, сол дәстүрдің «хат жазуға» тиісті дәрежеде әсер еткенін, демек, ауызша жыр, өлең жазба шығарманы нәрлендірген негіздің бірі болғанын сипаттайды.

Түрік халықтарының ежелгі аңыз ескерткіштерінің тағы да бір көрнектісі – «Оғызнамада» кейіннен классикалық биікке көтерілген эпостың негізгі шарттары қалыптасқан. Олар: а) болашақ қаһарманның ғажайып туысы; батырдың жедел жетіліп, алдағы ұлы істерге дайындығын ерте танытуы; б) қаһарманның аңға шығып, жау күштерімен соғысып, жеңуі; в) ерлікпен үйленуі; г) қарауындағы елін мұратқа жеткізуі.

Оғыз Қағанның жарық дүниеге келуі былайша сипатталған:

«Ертеде күндердің бір күні

Ай қағанның көзі жайнап

Бір ұл бала тапты.  
Сол баланың жүзі көгілдір,  
Аузы – оттай қызыл еді,  
Көзі – алқызыл, шашы, қасы  
Қап-қара болатын».

Көп эпостарда дамытыла, көркемдігі жетілдіріле суреттелетін жас батыр тұлғасын «Оғызнаме» қысқа сөздермен тұжырымдайды.

«Қырық күннен соң өсті –  
Жүрді, ойнады.  
Аяғы – өгіздің аяғындай,  
Белі – қасқырдың беліндей,  
Иықтары – бұлғынның иығындай  
Төсі – аюдың төсіндей еді.  
Денесінің бәрін түк басқан еді.  
Жылқы бағатын еді.  
Киік аулап жүретін.  
Талай күн, талай түннен соң жігіт болды».

Эпикалық әсірелеу Оғыз қағанның үйленуі тұсында да көрінеді. Оған кездескен қыз «күннен де шұғылалы, айдан да сәулелі» екен (қазақ ертегілеріндегі «ай мен күндей, әмбеге бірдей» деген формулалық тіркестер еске түседі). Оғыз хан балаларына Күн, Ай, Жұлдыз, Көк (аспан), Тау, Теңіз деген есімдер береді. Бұл аттардың символдық мәнін түсіну қиын емес. Мұның өзі қағанның бүкіл әлем билеушісі болуға ниеттенгенін білдіреді...

«Оғызнамедегі» бір қызық бейне – Оғыз қағанның жанында отыратын ақылгөй, дана жырау – Ұлы Түрік (бұл кейінгі замандағы қыпшақ эпосында кездесетін Сыпыра жырауды еске салады). Ол түс көріп, болашақты болжайды; халық қамын ойлайды. Бірақ оны да пәлен тарихи қайраткер деп кесіп-пішіп айту қиын. Ол қағандар құзырында жүретін кеңесші, кемеңгер, білімді жандардың жиынтық тұлғасындай. Осы Ұлы Түрік түсінде алтын жай және үш күміс оқ көреді. Оғыз қағанның балалары күншығыс пен күнбатыс тұсқа аң аулауға шыққанда әлгі алтын жай мен үш күміс оқты тауып алады. Бұл да Оғыз қаған құдыретінің батыс пен шығысқа жеткендігінің тәмсіл-мысалы секілді.

Көне түрік әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығының тамаша мысалдары мол. Замана аласапыранына душар болып, түрік тайпалары мен ұлыстары жел аударған қаңбақтай евразияның иен кеңістігінде сан рет сапырылысып, түрлі қауымдармен



араласып кеткеніне қарамастан олардың дәстүр бірлестігі мен жалғастығы көркемсөз ескерткіштерінде тұнық қалпында сақталуы ғажап! Ғасырлар ауқымында көптеген ұлыстар мидай араласып, біразы атсыз, тексіз жоғалып, енді бірқатары үлкен мемлекеттердің арасына сіңіп, ізін қалдырмаған. Осындай жағдайда өмірге, ізгілікке, әділдікке деген үміті мен арманынан айрылмай, дүниеде ең ұзақ жасайтын мәңгілік байлыққа – сөз өнері шығармаларына ие болып қалған, солар арқылы өздерінің асыл ойларын, өмір сабақтарын, келешек қауымға аманатын биік поэзияға бөлеп қалдыра білген түрік елдерінің айрықша дарындылығына қайран қалмасқа болмайды...

Даңқы әлемге жайылған «Қорқыт ата кітабын» түрік халықтарындағы эпикалық, әпсаналық, даналық сөз бастауларының кені десе болады. Бұл ұлы дастан туралы әлемнің ғалымдары сан тарау зерттеулер жазды. Сонда да болса Қорқытнаменің сыры мен мәні сарқылып ашылып бітті деуге болмайды. Ауыз әдебиетінің түрлі жанрдағы шығармалары «Қорқыт ата кітабына» жанаспай кетпейді. Дастанның он екі тарауында сөз болатын оқиғалар мен сарындар түрік халықтарының ауыз әдебиетінде кеңінен ұшырайтыны мәлім. «Дірсехан мен Бұқашхан әңгімесінде» (бірінші тарау) түрік-монғол эпосында жиі кездесетін сарын – қартайған ата-аналардың перзентсіздік зары («Манастағы» Жұқып, «Алпамыстағы» Байбөріні еске алыңыз) баяндалса, екінші тарауда асқан батыр Салор Қазанның хас дұшпандарын жеңіп, ел мерейін үстем қылғаны көрсетіледі. Дастанның үшінші бөлімінің фабулалық сүйегі де, қаһарман есімдері мен олардың іс-әрекеті де бүкіл Орталық Азияға кең таралған «Алпамыс батыр» дастанымен ұқсас келуі түрік халықтары тарихи байланыстарының тамырлары тереңде жатқанын ойлатады. Оғыз және қыпшақ эпосы дәстүрінің түйісетін маңызды бір жол айрығы «Дәде Қорқыт кітабы» мен «Алпамыс батырдың» генезисін, тарихи дәуірлер оқиғаларымен байланысын жан-жақты ашудан көрінер еді... Қаһармандардың батырлық үйленуі, ұйықтап жатқанда жау қолына түсіп қалуы, жалғыз көзді дәуді («төбегөз») өлтіру, дұшпанның тұтқыны боп қалған батырды азат ету секілді сарындар эпоста қызғылықты желі құрайды. «Дәде Қорқыт кітабында» нақыл, бата, тілек сөздердің де тізбегі кездеседі. Ертедегі Қорқыттың:

«Қара тауларың құламасын,  
Саялы ағашың сынбасын.  
Қанаттарың қырқылмасын,  
Жүйрік атың сүрінбесін,  
Ақ найзаң сынбасын,

Қара болат қылышың кетілмесін,  
Ақ самайлы ананың жатқан жері бейіш болсын,  
Хақ жандырған шырағың сөнбесін,  
Қара жүрек қарақшыға кез етпесін»...

деген алғыс сөздерінің өміршеңдігі соншалық – бұл батаны қазіргі қариялар айтып отырғандай әсер қалдырады. Көркемдік дәстүр жалғастығына бұдан артық жарқын мысалды табу қиын...

«Дәде Қорқыт кітабы» мен қазақ арасында таралып, сақталған Қорқыт хақындағы аңыздардың, әпсаналардың ұқсастығы мен айырмашылығын зерттеу де аса қызғылықты уәзипа. Қазақ Қорқытнамесі жөнінде академик Ә.Марғұлан ізденістері өте құнды. Ендігі жерде бұл тақырыптың ауқымын кеңейтіп, Қорқыт дәстүрін сөз өнерінің түрлі жанрларына қатысты тереңдеп тексеру міндеті түр...

Көне түрік әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы әйгілі нұсқаларды салыстырумен ғана шектелмейді. Мұндай зерттеулер жеке шығармалар, жанрлар, дәстүрлер, поэтикалық мәселелер деңгейінде де жүргізілуі ләзім. Түрік халықтарының бірлігін нығайту бұдан былайғы өсу жолымыздың маңызды шарттарының бірі болып отырған қазіргі кезеңде мұндай істердің маңызы айрықша.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бердібай Р. Байкалдан Балқанға дейін, 1966, 45-б.
2. Yılmaz Oztuna. Buyuk Turkiye tarihi. Istanbul, 1983.
3. Әуезов М. Шығармалары, 11 том, 136-б.
4. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. 1985, 88-89-б.
5. Сонда, 88-б.
6. Алпамыс батыр. 1996, 84-б.
7. Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштер, 15-б.
8. Ежелгі түрік әдебиеті. 1991, 21,23-беттер